

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 12(506) 26 шілде 2021 жылы



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ БАСҚАН ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Менеджмент саласы бойынша магистрлік дәрежеге қол жеткізген түлектер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабырғасында білім алып, ғылыммен шұғылдану – көкжиек кеңейтуге мол мүмкіндік тудырғанын айрықша атап өтті.

2 бетте

ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫН ОҚЫТУ БІЗДЕН БАСТАЛДЫ

Бұл кезге дейін шөппен емдеу әдістемесін тәжірибеде қолданып жүргеніме он жылға жуық уақыт болып қалған. Бұл ой Мұқаңа ұнаған болуы керек, ол кісі ресми медицинада қолданылмайтын халық емдері туралы айтты. Соған соң Шығыс медицинасына лайықталған пәндерді оқу жоспарына енгізу мәселесін ойлауды маған жүктеді. Осы жолда көп ізденуге тура келді.

4 бетте

ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

Түркі жастарының басқосуларының бірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен болатын. Бұл жиын әр елден келген жастардың түркі мәдениетімен жақынырақ танысуына жол ашты.

8 бетте

БІЛІМ ОРДАМЫЗҒА АҚШ ЕЛШІСІ САПАРМЕН КЕЛДІ

Таяуда университетімізге АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Уильям Мозер арнайы сапармен келді. Жиынға оқу ордасының басшысы Жанар Темірбекова, АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Уильям Мозер, делегация құрамындағы АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің білім және мәдениет мәселелері жөніндегі атташесі Эмбер Аура, АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің экономика мәселелері жөніндегі маманы Лаура Хайес, университеттің ректор өкілі Женгиз Томар, әлеуметтік және мәдени даму вице-президенті Асқар Тұрғанбаев қатысты.

Басқосуда университет ректоры Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Женгиз Томар АҚШ елшісін білім ордасының тарихы мен өмір тынысы жайлы хабардар етті. Сондай-ақ білім мекемесінің мақсаты мен міндеттері, оқу жүйесі мен іске асып жатқан жобалар таныстырылды.

Өз кезегінде елші Уильям Мозер университет жұмысын жоғары бағалап, ректор Жанар Темірбековаға ерекше ықыласын білдірді.

«Сіздің басшылық қызметке келгеніңізге көп болмаса да керемет жұмыстар атқарылып жатыр. Университет өте білімді, мықты мамандар даярлауда. Сіздерде Орта Азия елдерінің студенттері де оқиды екен. Бұл ортақ байланыс үшін өте маңызды. Өткен оқу жылында сіздер E-Fellow бағдарламасы бойынша студенттерге сабақ өттіңіздер. Пандемия жағдайында дәрістер онлайн форматта жүргізілді. Ал болашақта осы бағдарламаны дәстүрлі форматқа енгізіп, одан әрі дамытуға күш салу керек. Біз де аталмыш жобаны жүзеге асыруға көмектесеміз. Алдағы әрбір бастамаңызға табыс тілейміз», - деді АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі.

Екі тарап келешекте білім және әлеуметтік салада ынтымақтасып, ортақ жобаларды жүзеге асыруға келісті. Жиын соңында университет басшысы Жанар Темірбекова мен Уильям Мозер бір-біріне естелік сыйлықтар табыстады.



ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қорында араб, парсы, шағатай тілдерінде жарық көрген литографиялық, типографиялық кітаптардың мол қоры жинақталған. Сонымен қатар ел ішінен жиналған қолжазбалық материалдар да сақталған. Институт базасында сақталған осындай қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын дайындау ісін институт қызметкерлері бірнеше жылдан бері атқарып келеді. 2019 жылы сипаттаманың I-II томдары жарық көріп оқырманға жол тартқан болатын. Көне араб, парсы, шағатай кітаптары мен қазақ тілінде жазылған кітаптардың сипаттамасы жасалып, жинақтың III кітабы да жарыққа шықты.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім литографиялық және типографиялық кітаптарға арналса, екінші бөлімде қорда сақталған қолжазбаларға орын берілген. Жинақта «Қырық хадис», «Шарифат үкімдері», «Пайғамбар тарихы», «Миграж» т.б. көптеген XIX ғасырда баспа бетін көрген діни кітаптардан өзге «Мың бір түн» ертегісі, пайғамбардың өмірі туралы діни қиссалар, сондай-ақ «Шұғыла», «Ислах» секілді журналдарда жарық көрген діни әңгімелер мен басқа да түрлі материалдар, сопылық бағыттағы әдебиеттер мен Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметтері», С.Бақырғани кітабы, Сопы Аллаяр секілді кезінде Орта Азияға кеңінен тараған ақындардың да еңбектері бар. Шағатай тілінде жарық көрген еңбектер арасында «Шахнама» дастаны, қазақтың XX ғасырдың басында өмір сүрген тарихшысы Құрбанәлі Халидтің «Тауарих хамса» атты кітаптары да кездеседі.

Қолжазба күйінде сақталған материалдар ішінде батырлық жырлар, ертегі, айтыс, мысал жанрында шыққан өлеңдер, «Аужар», «Беташар» секілді ел ішінде айтылатын тұрмыс-салт жырлары мен халық ақындарының айтуы негізінде дүниеге келген фольклорлық мұралар өте көп кездеседі. Жиренше шешен, Алдар көсе, Тазша бала секілді халықтық кейіпкерлермен қатар Абайдың бұрын көпшілікке таныла қоймаған «Мүсәпір қиссасы» атты туындысы мен Мүрсейіттің қолжазбасы, А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағы, Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» дастаны, Майлықожаның діни қиссалары, Әмір Нәжіп, М.Тынышпаев секілді белгілі ғалымдардың жазған еңбектері де кездеседі.

Сондай-ақ халық аузынан жазып алынған «Алаңқай батыр», «Алақай батыр», «Ер Тарғын», «Қарға батыр», «Сәдібек» қиссасы, «Сабалақ», «Наурызбай батыр» секілді көптеген жырлар мен дастандарды, пайғамбарлар мен сахабалар жайлы жазылған діни қиссаларды осы қордан кездестіруге болады.

Қолда бар жәдігерлерге мұқият қарау, арабша, парсы, шағатайша жазылған еңбектердің сипаттамасын жазуда институт қызметкерлері талмай еңбектеніп келеді. Ұзақ жылғы еңбектің нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстары аяқталып, бірнеше кітапты қамтитын қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы жасалды. Сипаттамаға енген бұл жәдігерлерді дәріптеу, рухани мұраларымызды насихаттау, құнды дүниелерді жарыққа шығарып отыру ісі институттың негізгі бағыты.

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

ЖАҢАЛЫҚТАР



2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА ГРАНТТАР

ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАНДАРҒА КВОТА БӨЛІНЕДІ

Қазақстанда жаңа оқу жылына білім беру гранттары бөлініп, алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған квоталар тағайындалатын болды, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2021-2022 оқу жылында көп балалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған талапкерлер грант алу мүмкіндігіне ие болады.

"Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балаларға гранттардың жалпы санының 5%-ы, осы мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылардан шыққан балаларға – 1%, I, II топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балаларға білім беру гранттарының 1%-ы көзделген.

Бұл ретте олардың ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) тапсыру нәтижелері шекті баллға сәйкес келуі тиіс", – деп хабарлады Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Бұдан басқа, жеңілдікті гранттарға жетім балалар мен этникалық диаспора өкілдері (шетелдік азаматтығы бар республикадан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар үшін) ие болады. Қандастарға 4% бөлінді. Осылайша, азаматтардың әлеуметтік осал санаттарындағы талапкерлер білім беру гранттарын беру кезінде басымдыққа ие болады. Мәселен, егер педагогикалық мамандықтарға 8 мыңға жуық білім беру гранты бөлінсе, оның ішінде 1 063 грант азаматтардың жеңілдікті санаттары үшін көзделген.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында президент Қасым-Жомарт Тоқаев гранттарды бөлу жүйесінде үлкен әлеуметтік компонентті қарастыруды және талапкердің академиялық жетістіктеріне ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне де назар аударуды тапсырды.

Айта кетейік, 2021-2022 оқу жылына бакалавриатқа түсу үшін 56 мыңнан астам грант бөлінді. Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштерді қабылдау 13 шілдеде басталып, 20 шілдеге дейін жалғасады.

Білім министрлігінің мәліметінше, ең көп грант инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бөлінді: 17 028 грант. Педагогикалық ғылымдары – 9 573 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 7 487, жаратылыстану ғылымдары – 4 088, ауыл шаруашылығы ғылымдары – 1 895, Денсаулық сақтау – 2 700, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1 615, бизнес, басқару және құқық – 1 223, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 960.

Сондай-ақ, гранттар "Мәңгілік Ел жастары – индустрияға" ("Серпін") жобасы бойынша да көзделген.

2021-2022 оқу жылындағы білім беру гранттарының толық тізімі ашық дереккөзде орналастырылған.

Сондай-ақ биыл магистратураға түсу үшін 13 мыңнан астам грант, докторантураға – 1800-ден астам грант бөлінді.

stan.kz

ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ БАСҚАН ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова университетімізден түлеген менеджмент магистрлеріне диплом тапсыру салтанатына қатысты.

Рәсімде құттықтау сөз сөйлеген университет басшысы Жанар Темірбекова түлектерге табыс тіледі. Айта кетерлігі, диплом иеленген түлектеріміз – медицина саласында еңбек етіп жүрген білікті мамандар.

Менеджмент саласы бойынша магистрлік дәрежеге қол жеткізген түлектер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабырғасында білім алып, ғылыммен шұғылдану – көкжиек кеңейтуге мол мүмкіндік тудырғанын айрықша атап өтті.



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ТІКА-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова және Вице-ректор Эльмира Идрисова Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) Қазақстандағы өкілі Исмаил Гүрлек бастаған делегациямен кездесті. Екіжақты кездесу барысында университет пен агенттік арасындағы ынтымақтастық мәселесі жан-жақты талқыланды.

Исмаил мырза, қасиетті Түркістанымыз бен университетімізге қош келдіңіз! Сіздермен тізе қосып, бірге атқаратын маңызды жоспарларымыз бар. Оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыратын боламыз. Ынтымақтастық аясындағы жұмысымыз қарқынды жүріп, агенттіктің өзге де жобалары жүзеге асуы үшін жан-жақты қолдау көрсетеміз, – деді университет ректоры.

Өз кезегінде Исмаил Гүрлек университет басшылығына айрықша алғыс білдіріп, бірлескен жобалардың жоғары деңгейде іске асатынына сенім білдірді.

Айта кетерлігі, ТІКА – Түркия Республикасының іргелі агенттіктерінің бірі. Агенттік мақсаты – мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, университеттер, үкіметтік емес ұйымдар және жеке сектор арасында ынтымақтастықты нығайтып, ортақ мүддеге жұмылдыру. Алпауыт агенттік әлемнің 150 мемлекетінде үйлестіру және даму бағытында қызмет атқарады.

КӨКЖИЕКТІ КЕҢЕЙТКЕН КЕЗДЕСУ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Caspian Policy Center (CPC) ұйымының делегациясы келді.

Делегация құрамында CPC ұйымының Бас директоры Эфган Нифти, АҚШ-тың Қазақстандағы бұрынғы елшісі – CPC Директорлар Кеңесінің мүшесі Ричард Хогланд, CPC орталығының бағдарламалық менеджерлері Ақбота Кәрібаева және Джереми Коэн болды.

Қонақтарды университет ректоры Жанар Темірбекова, Ғылым жөніндегі проректор Шолпан Есимова мен Жауапты хатшы Гульнара Байсенкул қарсы алды.

Ең алдымен, проректор Шолпан Есимова және Гульнара Байсенкул делегация өкілдерін оқу ордасының мұражайы мен кітапханасымен таныстырып, арнайы экскурсия ұйымдастырды.

Таныстырудан кейін CPC өкілдері және университет басшылығының қатысуымен жиын өтті. Екіжақты кездесуде ұйым мен университет арасындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

«Біздің ұйым Орталық Азия, әсіресе, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан сынды мемлекеттердегі мәселелерді зерттейді. Әрине, білім саласы да назардан тыс қалмайды. Осы орайда, Сіздерге Каспий өңірі елдерінде оқу жүйесін дамытуға бірге күш салуды ұсынып отырмыз», – деді CPC ұйымының Бас директоры Эфган Нифти.

Ректор Жанар Темірбекова CPC ұйымымен ортақ бағдарламаларды жүзеге асыруға дайын екенін мәлімдеді.

«Әрине, Сіздермен ортақ келісімге келу біз үшін үлкен мәртебе. Студенттеріміздің Caspian Policy Center ұйымының жұмысымен танысып, зерттеуге қатысуы да жаңа белес пен тәжірибе болмақ», – деді Жанар Темірбекова.

Жиын соңында университет басшылығы мен делегация өкілдері бірлескен жобалар ұйымдастыруға келісім жасады.

РЕКТОР СТУДЕНТТЕРГЕ ДИПЛОМ
ТАБЫСТАДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова университетіміздегі Медицина факультетін тәмамдаған студенттерге диплом табыстау рәсіміне қатысып, жас мамандарды құттықтады. Оқу ордасының басшысы түлектерге жарқын болашақ пен табыс тіледі.

«Сіздер көптеген адамның жанына дауа, еміне шипа табатын, өлімнен арашалап, қайта өмір сыйлайтын маман иесісіздер. Мұны, әсіресе, COVID-19 пандемиясы кезінде ерекше сезіндік. Ақ халатты абзал жандардың ел тағдыры үшін атқарар қызметі орасан. Сіздердің де болашақта өз ісінің нағыз майталманы болатындарыңызға кәміл сенемін!», – деді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры

МАҚСАТ ШОТАЕВ,
Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті:

«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ ТІЗІМІНЕ ЕНДІ»

Мақсат Шотаев - Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, Қазақстан республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, филология ғылымының кандидаты, тоғызқұмалақ жайлы бірнеше кітаптың авторы. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің түлегі. Ойлылардың ойыны, «қойшылар алгебрасы» деп те аталатын интеллектуалды ойын Тоғызқұмалақтың тағылымын арттырып, дүние жүзіне танытуға сүбелі үлес қосып жүрген жандардың бірі Мақсат Шотаев бүгінгі сұхбатында бұл ойында қарсыласқа есе жібермей, жеңіске жетудің тактикасымен бөлісті. Тоғызқұмалақтың қалай пайда болғандығы туралы сыр шертіп, осы бір ұлттық ойынымызға қатысты іргелі жаңалықтарымен күллі қазақты сүйіншіледі.

- Ойлылардың ойыны ретінде танылған тоғызқұмалақ ең алғаш қашан пайда болды? Шығу тарихы қандай?

- Археолог-ғалымдардың айтуы бойынша тоғызқұмалақ ойыны осыдан 4 мың жыл бұрын пайда болған. Алайда тоғызқұмалақ ойынының шығу тегін зерттесек мұндай ойындардың осыдан 7 мың жыл бұрын бірқатар елдерде, атап айтқанда, Египетте, Африка елдерінде пайда болғанын көрсетеді. Сондықтан бұл ойынды қайтадан зерттеуіміз керек. Шығу тарихына келетін болсақ бұл «қойшылардың ойынының» жалғасы ретінде шықты дегуге болады. Өйткені отауларды қазу арқылы ойналатын «қойшылар ойынына» құмалақтар салып ойнаған. Кейін ол ілгері келе бере күрделеніп, «бестемше», «тоғызқұмалақ» сияқты ойындардың шығуына негіз болған деп ойлаймын.

- Еліміздегі тоғызқұмалақ ойынының дамуына қандай баға бересіз? Өскелең ұрпақтың қызығушылығы қандай?

- Тоғызқұмалақтың Қазақстандағы дамуы ертүрлі кезеңдерді қамтиды. 19-ғасырда бұл ойынды Абай Құнанбайұлы және оның әкесі Құнанбай ойнаған. Осы жылдары Тоғызқұмалақты біршама шетелдік ғалымдар, атап айтқанда, Карлтс, Вангери, венгриялық Алмоши, тағы да бірқатар ғалымдар зерттеген. 20-ғасырда Мұхтар Әуезов «Абай жолын» жазу барысында көп ізденген. Өзі де ойнаған. Сонымен қатар Қалбек Қуанышев ойнаған. 1936 жылы Сәрсен Аманжолов қазақ және орыс тілдерінде «Тоғызқұмалақ» атты кітап жазған. 1943 жылы Мәулен Балақаев кітап шығарған. 20-ғасырдың 30-жылдары бұл байлардың ойыны деп қудалануы олардың осындай кітап жазуына түрткі болды. Қазіргі таңда Қазақстанда Тоғызқұмалақтың дамуы жақсы деңгейде болып отыр. 1948 жылы алғашқы чемпионат өткізілді. 1977 жылы спорт шебері атағы берілді. Қазіргі кезде тоғызқұмалақпен шұғылданушылардың саны 200 мыңнан асты. Өскелең ұрпақтың қызығушылығы өте жақсы. Себебі олар осы ойын арқылы өздерінің шеберлігін шыңдап, көптеген жарыстарға қатыса алады. Атап айтқанда, қалалық, мектепшілік, одан өткендері облыстық жарыстарға, одан өткені республикалыққа, одан кейін әлем чемпионаты, Азия чемпионаты бар. Шетелдерде халықаралық турнирлер бар. Көптеген жүлделер тігілгендіктен мұның барлығы өскелең ұрпақтың қызығушылығын туғызып отыр.

- Тоғызқұмалақтан әлемдік деңгейде өткізілетін турнирлер жайында не айтасыз?

- Тоғызқұмалаққа әлем елдерінің қызығушылығы өте жақсы. Әлемдік деңгейдегі жарыстар жыл сайын өткізіледі. Атап айтқанда, әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, Европа чемпионаты, сондай-ақ биылғы жылы тұңғыш рет Азия және әлем кубогы өткізілді. Азия кубогы Қызылорда қаласында өтті. Онда Қызылордалық Бексұлтан жеңіске жетті. Европа кубогы Францияның Кан қаласында өтті. Ол жерде қыздар арасында Нұр-сұлтандық Есіркеп Құндыз, ұлдар арасында Ақтөбелік Азамат Қайдаров жеңіске жетті. Сондай-ақ мұндай ресми чемпионаттардан бөлек халықаралық турнирлер де бар. Жыл сайын оннан астам халықаралық турнирлер Францияның Кан қаласында, Англияда, Чехияның Пардубице және Прага қалаларында, Ресей, Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркия секілді елдерде жыл сайын өткізіледі. Бұлардың барлығы шетелдің қызығушылығын арттырды. Сондай-ақ интернет беттерінде тоғызқұмалақ ойнайтын бірнеше сайттар бар. Атап айтқанда, Igamecenter.com және playok.com сайты. Igamecenter.com сайтында жүзден астам елдің спортшылары тоғызқұмалақ ойнаса, Playok.com сайтында одан көп спортшылар ойнап, республикалық, халықаралық жарыстар өткізіліп тұрады.

- Тоғызқұмалақ жарыстарында ерекше көзге түсіп жүрген ең мықты, мақтануға болатын спортшылар кімдер?

- 2010 жылы Тоғызқұмалақтан тұңғыш әлем чемпионаты өткізілді. Осы әлем чемпионатында ұлдар арасында Кентаулық Ғалымжан Темірбаев, қыздар арасында Қызылордалық Әсел Далиева жеңіске жетті. Міне, осы әлем чемпионаты ең мықты спортшыларды анықтауға көмектеседі. Қазіргі кезде көзге түсіп жүрген 7 дүркін әлем чемпионы Әсел Далиева, 4 дүркін әлем чемпионы Ғалымжан Темірбай, 3 дүркін әлем чемпионы Хакімжан Елеусіновті, әлем чемпионы Серік Ақтаевты, Диана Кенина, Салтанат Сапарбекованы айтуға болады. Бұлар өзіндік жолын, өзіндік стилін қалыптастырған мықты спортшылар.

- Бұл ойында қарсыласқа есе жібермей, жеңіске жетудің тактикасы қандай? Ойын барысында тоғызқұмалақшы қандай қағидаларды ескергені абзал?

- Ойында жеңіске жету үшін ойын барысын жіті бақылап отыру керек. Бұл ойлылардың есеп ойыны. Сондықтан басты назар аударатын нәрсе – өз құмалақтарыңды жұп қылып, қарсыласыңның құмалақтарын тақ қылып ұстап отыруға тырысу керек. Екіншіден, тұздық бермеуге тырысу қажет. Тұздық деген - өзіңнің бір отауыңнан айрылу. Яғни, сен тұздық берген жағдайда сен сегіз отаумен, ал қарсыласың он отаумен ойнайды. Тоғызқұмалақшы ең алдымен өз құмалақтарын шабуылға ыңғайлы етіп ұйымдастырып, қорғанысқа көңіл бөлуі керек. Қарсыласың нені ойлап отырғанын психологиялық тұрғыдан жіті бақылап отыру керек. Он жүрістен кейін тоғызқұмалақта миллиардтан астам вариант кездеседі. Әрине, оның барлығын есте сақтау мүмкін емес. Тоғызқұмалақтың өзіндік тактикалары арқылы мүмкін болатын нұсқаларды жіті есептеп отырған абзал.

- Тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасына енгізілетінінен хабардар болдық. Осы жоба туралы айта кетсеңіз.

- Қазіргі таңда Тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасына екі түрлі жолмен енгізіліп жатыр. Біреуі үйірмелер арқылы, екіншісі мектеп бағдарламасында. Үйірмелер арқылы дегеніміз – қосымша (факультатив) сабақтар. Қазіргі кезде Нұр-сұлтан қаласында Алтын Ұрпақ деген жоба жасалды. Онда жиырма мектептің қосымша бір сабағын факультатив сабақ ретінде беріп, тоғызқұмалақты өтіп жатыр. Ал мектеп бағдарламасында екінші, үшінші тоқсандарда Ұлттық Зияткерлік ойындар деген тарау бар. Бір тоқсанға 12 сағат. Міне, осы сабақ тоғызқұмалақты үйретеді.

- Ертеде тоғызқұмалақ ойыны арқылы жұлдызнама ашып, адам ғұмырының бақыты мен сорын болжаған деген рас па?

- Тоғызқұмалақтың қандай нақты мақсатпен туындағаны әлі толық зерттелген жоқ. Оны біз «есеп ойыны», «қойшылар алгебрасы», «ақыл-ой өнері» деп бағалаймыз. Енді кейбір деректерде тоғызқұмалақ ойыны арқылы жұлдызнама ашып, адам ғұмырын болжаған деген де деректер бар. Көбінесе оны Қытай қазақтарында жұлдызнама мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Бірақ, біздің Қазақстанда бұл мәселе әлі қарастырылуда. 41 құмалақ деген бар. Ол жерде де адам ғұмырын болжайды. Тоғызқұмалақта да кейбір отауларды пайдалану арқылы болашақты болжауға болады деп ойлаймын.

- Сұхбатымызды сіздің газет оқырмандарына деген жылы лебіңізбен тәмамдасақ

-Сөз соңында Қазақ елін тоғызқұмалақтың ЮНЕСКО-ның Мәдени Мұра тізіміне енгенімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл үлкен жетістік болды. Бұл еңбектің басында Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы Әлихан Байменов бастаған көптеген азаматтар жүрді. Тоғызқұмалақтың ЮНЕСКО-ның Мәдени Мұралары тізіміне енуіне бүкіл жер жаһандағы қазақтар қуанып жатыр. Ендігі кезекте тоғызқұмалақ әлемдік деңгейде кең қарқынмен танылады және сол күнге аман-есен жете берейік!

- Өсерлі сұхбатыңызға көп рахмет! Еңбегіңізге толағай табыспен шалқыған шалқар шабыт тілеймін. Алар асуларыңыз, шығар белестеріңіз мол болсын.

Әңгімелескен: Гүлжан НИЯЗОВА
1-курс студенті



ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫН ОҚЫТУ БІЗДЕН БАСТАЛДЫ

1991 жылдың жаз айы болатын. Ол жылдары «Қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институтының» бөлім меңгерушісі едім. Жұмыс бабымен Шымкентке іс-сапарға келген болатынмын. Ертеден дос болып жүрген Ермек Бекмұратов ағамызбен сол жерде жолықтық. Ол кісі: «Елбасының жеке Жарлығымен Түркістанда университет ашылып жатыр екен, жүр барып қайтайық», - деді. Туған өлкесінен білім ордасы ашылып жатса кім қуанбасын, ішімнен қатты қуандым. Келдік. Университетке Қазыбек би көшесінің бойындағы Түркістан индустриалды техникумының ғимараттарын берген екен. Ректордың (М.Жұрынов) кабинетіне кірсек, кең бөлмеде жай ғана стол, өзі отырған орындық қана, артық орындық болмағандықтан біз тікемізден тік тұрып әңгімелестік. Ректордың кабинетінің осындай жүдеу көрінуі менің көңілімді түсіріп жіберді. Бірақ оған мән бермеген Мұрат Жұрынов университеттің ашылуының әлеуметтік-саяси жағдайын, Түркістанның, ондағы өмір сүріп отырған халықтың, олардың ұрпағының болашағы туралы айта келе маған: «Сайлау! Оңтүстіктің жігіті сен келмегенде, басқа кім келеді», - деді. Осы сөзге кәдімгідей марқайып қалдым, қалған өмірімді туған жерді түлетуге арнайын деп келісімімді бердім. Сол күні Медицина факультеті деканының орынбасары ретінде бұйрық шығарылып, университет тарапынан іс-сапарға Алматыға кеттім. «Кардиология» институтындағы басшыларға болған жағдайды

атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» болып аталды. Халықаралық статусы бар университеттің жаңа ашылған Медицина факультеті жайлы, «Кентауда жағдайы жоқ, ауылдық жердің аты-ауылдық жер, одан да ауруханалары жеткілікті облыс орталығына, Шымкент фармацевтика институтының қарамағына көшіру тиімді» деген сияқты алып-қашпа сөздер шығып жатты. Бірақ бұл сөздер Түркия мемлекетінің премьер-министрі Сүлеймен Демирельдің: «Біз университет ашсақ, Алматыдан да ашар едік, бірақ бүкіл Түркі дүниесінің орталығы - Түркістанды көтеру ата-бабаларымыздың бізге қалдырған аманаты, соны орындау - Қазақстан тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан кейін біздерге борыш» - деген сөзінен кейін бірден тоқтады.

Бірде Мұхаң Алматыға сапар шегіп бара жатып, аэропортта маған мұндағы Медицина факультетінің қаладағы медицина институттарынан қандай айырмашылығы болатынын сұрады. Мен мүмкіншілігі болса, «студенттерді жалпы емдеу ісіне дайындаумен қатар, оларды Шығыс медицинасының элементтерінен де хабардар еткен дұрыс болар еді» деген ойымды айттым. Бұл кезге дейін шөппен емдеу әдістемесін тәжірибеде қолданып жүргеніме он жылға жуық уақыт болып қалған. Бұл ой Мұқаңа ұнаған болуы керек, ол кісі ресми медицинада қолданылмайтын халық емдері туралы айтты. Сонан соң Шығыс медицинасына лайықталған

пәндерді оқу жоспарына енгізу мәселесін ойлауды маған жүктеді. Осы жолда көп ізденуге тура келді. Осының нәтижесінде жоғары медицина колледжінде республикада тұңғыш рет «Шығыс Медицинасы» бөлімі ашылды. Оның болашағы зор екеніне ешбір күмән жоқ еді.

Факультетке оқытушы-профессорлар қатарына Алматыдан М. Рысұлы, С. Ажаев, Р. Ділбарханова, Ж. Шалхарова, Ақтөбеден Калимурзина, Қ. Сәрсенбаев, Ж. Сүндетов және солармен қатар, Семейден, Шымкенттен, Бішкектен айтулы мамандар шақыртумен келді, оларды визит-профессорлар ретінде дәріс оқыту тәжірибесін пайдаландық. Студенттерге «Анатомия» пәнінен оқытылатын «мәйіттер мен көрнекті муляждар» табу, мұсылман дініне ежелден көбірек мойын бұратын Түркістан өңірінде қиын мәселе еді. Бұл мәселе бойынша «Анатомиялық музей» жасау үшін Россиядан да мәйіттер алуға тура келді. «Университеттің келешек



дамуы туралы» бағдарламасы бойынша М.Жұрыновпен бірге Білім министрлігіне бірнеше рет бардым. Соның бірінде, университет қалашығы бойынша жоспарды талқылап жатқанда, Министрліктің құрылыс басқармасының төрайымынан (Соколова), Өкілетті Кеңестің төрағасы Намық Кемал Зейбек, «бұл құрылыс қанша уақытқа дейін созылады» - дегенде, ол «шамамен 25 жыл» деген. Сонда ректорымызбен бірдей университеттің ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген Өкілетті Кеңес төрағасының «ой, біз ол уақытқа шейін өліп қаламыз ғой, тездету керек» - деп айтқаны әлі есімде. 30 жылдық тарихы бар университетіміз қазіргі кезде алдыңғы қатардағы оқу орындарының біріне айналып отыр. Біздер, осы оқу орнының ардагерлері, бұған қатты қуанамыз, қолдан тұрғызғандай болған білім ордамыздың әрбір жетістігіне, айтылған жағымды пікірлерге марқайып отырамыз, жағымсыз жағдайы болса ұнжырғамыз түсіп, ауырып қаламыз. Келешек жастарға айтарым, «тақыр жерден бой көтерген, елеусіз қалған елдің еңсесін тіктеген, тәуелсіздігімізбен қатар келіп, ауылға қала мәдениетін алып келген, бүкіл Түркі елінің мақтанышы болып отырған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің саяси орнының өте жоғары екенін естен шығармай, әрі қарай дами беруі үшін аянбай еңбек ете беріңдер, болашақтың иесі – өздерің сияқты білім іздеген жастар болмақ, осыны дер кезінде пайдаланыңдар» демекпін.

айтқанда, олар таң қалысты, ондағы досым Айқан Ақанов әзілдеп: «Ей, Сайлау, институттың бір бұрышын қисайтып кетіп барасың ғой», - деді. Сонымен, университеттің «Медицина» факультеті Кентау қаласында орналасатын болды. Университетке талапкерлерді қабылдау жұмысы толық жүріп жатыр, ал факультеттің ғимараты дайын емес. Қала әкімшілігі, құрылысы бітпей тұрған, балалар емханасы үшін салынып жатқан, ғимаратты ұсынды. Содан оқу жылын екі ай бойы, сабақ орнына, студенттердің күшімен, факультеттің ғимарат құрылысын бітіру жұмыстарымен бастадық, ал студенттерді Кентау қаласындағы «Ащысай полиметалл комбинатының» профилакториясына орналастырдық. Кезінде, бірнеше жыл Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан «Жас медицина ғалымдары мен мамандарының кеңесін» басқарған тұсымда, Республикадағы барлық медициналық институттар мен ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен, сол саланың белсенді ғалымдарымен жақсы таныс болатынмын. Соған байланысты, жаңа ашылып жатқан факультетіміздің алғашқы деканы, Ермек Бекмұратұлы маған «факультетке кадр жинау және кітапхана қорымен айналысуды» тапсырды. Осы тапсырмамен Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Семей қалаларында орналасқан медицина институттарын аралап шықтым. Барған институттар кітапханаларынан, басшыларының рұқсатымен, факультетімізге 4500 данадан аса «медицина саласы бойынша» әртүрлі оқулықтарды тегін алып келдік. Бір жыл өткеннен кейін университетіміз «Қожа Ахмет Ясауи

Сайлаубек ШАЛХАРОВ,
м.ғ.д., профессор



ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТКЕН ОҚУ ОРДАСЫ

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Халқымызда “Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады” деген сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіруші күш екендігі белгілі. Бүгінде еліміздегі осындай үлкен өндіргіш күшке, ғылым-білімнің ордалы ортасына айналып отырған жоғары оқу орындарының бірі - қаламыздағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып табылады!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті — еліміздегі ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны. Түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған, түркі әлемі жастарының басын біріктірген бірінші білім және ғылым ордасы. Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісім негізінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылы Жарлығымен ашылған.

Ел тәуелсіздігімен құрдас ордалы оқу орны биыл өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отыр. Бұл университеттің құрылуы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың түркістандықтарға жасаған баға жетпес сыйы болды. Бұл орайда, Тәуелсіздіктің 30 жылы киелі Түркістан қаласы үшін өркениетке жасаған қадамның қарымымен ерекшеленіп отыр.

Өз тәуелсіздігін баянды етіп, егеменді ел ретінде даму жолына түскен жас Қазақстанның келешек ұрпағы – жастарға халықаралық университет бүгінгі күн талабына сай білім беріп, әртүрлі мамандықтарға даярлау және патриоттық сезім негізінде жүйелі бағыт-бағдар беруде. Сондай-ақ, ең бастысы, оқу орны түркі халықтары үшін қасиетті орынға ерекше назар аударуға септігін тигізіп, түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен рухани дүниесін жаңғыртуға мол үлес қосуда.

Қазір қаламызда, Түркістанның тасын өрге сүйреп, уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген мамандардың басым көпшілігі осы университет түлектері. Міне, осы орайда, «Түркістанның өркендеуі жолында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті шәкірттерінің де өзіндік үлесі бар» деуге толықтай негіз бар. Түркі әлемінің қандай да бір жеткен жетістіктерінде қаламыздың сәні боп тұрған университеттің қолтаңбасы зор деп түсінеміз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қасиетті Түркістанға деген мақтаныш сезімі әр қазақтың жүрегінде ұялаған. Түркістан тек бізге ғана емес, күллі түркі жұртшылығына қасиетті әрі қадірлі мекен» деген еді.



беріп тұр. Оқу орны ашылған жылдан бері 20-дан астам ғимарат бой көтерді. Бұл ғимараттар бауырлас түрік мемлекеті мен қазақ мемлекетінің бюджеті есебінен тұрғызылды. Содай-ақ көлемі 100 га ботаникалық бақты айтпай өтуге болмас. Кеңес үкіметі тұсында мамандар бақшалыққа жарамсыз делінген жерді бүгінде университет ғалымдары Түркістан оазисіне айналдырды.

Баршаға мәлім болғандай Түркістан өңірінің тарихы өте бай. Осы аймақта қазба жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді. Археолог ғалымдарымыз өңірдегі ескі қалашықтарға зерттеу жасап, қазақ тарихының жауһарларын Ұлт тарихының жәдігерлеріне қосуда. Мұның барлығы біздің бабаларымыздың өркениетінен қалған іздер.

Қазіргі таңда университетімізде түркі дүниесінің 17 елінен келген 30 ұлт пен ұлыстың жастары білім алуда. Бауырлас қос мемлекеттің қамқорлығындағы оқу орнының студенттеріне Қазақстан гранты мен Түркия квотасында тегін білім алуға мүмкіндік жасалған.

Университетімізде білім алатын бүгінгі 10000-нан астам білімгер сапалы біліммен сусындауда. Университеттің миссиясы – Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың жастарына бір шаңырақ астында терең тарихи құндылықтарға және демократиялық, зайырлы қоғам негіздеріне сүйене отырып, заман талаптарын қанағаттандыратын деңгейде білім беріп, оларды ұлттық және рухани құндылықтарға берік, адам құқықтарын құрметтейтін, төзімділік, достық, ынтымақтастық маңызын түсінетін маман ретінде қалыптастыру. Білім беру қызметі бойынша 140 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Бакалавриат – 64, Интернатура – 2, Магистратура – 46, Резидентура – 16, Докторантура PhD – 14.

Университет құрамында 10 факультет, Мемлекеттік басқару және экономика Жоғары мектебі, кәсіптік колледж, 6 ғылыми-зерттеу институты, докторлық диссертацияларды қорғау

жөніндегі мамандандырылған диссертациялық Кеңес бар, университетте 10 мыңнан астам студенттер, интерндер, магистранттар, резиденттер мен докторанттар, сондай-ақ дайындық факультетінің тыңдаушылары білім алады.



Ғылым мен білімнің ең озық ордасы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркістанда бой көтеруі кездейсоқтық емес. Киелі Түркістан қаласы, тарихында - түркі әлемінің ғылым және мәдениет орталығы болған көне шаһар. Осынау көне шаһар - түркілер атамекеніндегі оқу орнында қазіргі күндері түркі тілдес жастар білім алуда. Университет қалашығы ірі мәдени ошақтар мен соңғы үлгідегі сәулет өнерімен бой түзеген ғимараттарымен қаламызға шырай

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕМІЗ!

28 маусым – Бұқаралық ақпарат қызметкерлері күні. Төл мерекемізге орай, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жас журналистерге арналған шеберлік сағатын өткізді. Жиынға журналистермен қатар, танымал медиа сарапшылар, қазақ журналистикасының ардагерлері қатысты. Жас тілшілерге арналған ашық сабақта қазақ журналистикасының қайраткері, Парламент Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп өзекті мәселе көтеріп, салмақты ой өрбітті. XV ғасырда кітап шыққан. XVI ғасырда газет шыққан. XVII ғасырда журнал жарық көрсе, XX ғасырда радио мен телевизия ақпарат кеңістігінде қанат жайды. XXI ғасырда коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстыратын интернет пайда болды. Германиядағы бір басылымының редакторы «Интернет жақсы журналисті ұшпаққа шығарады, жаман журналисті шыңырауға құлатады» депті. Өте дұрыс айтылған. Интернетте көп нәрсе бар.



Қазір жаңа медиа мен дәстүрлі медиа туралы салыстырмалы сөз көп. Біреулер екі медианың арасында тартыс бар дейді, біреулер бәсекелестік дейді, біреулер дәстүрлі медианы жаңа медиа жұтып қояды дейді. Көптеген әңгіме бар. «Газеттің күні бітті, күні санаулы, енді 10-20 жылдың ішінде қағаз газет құритын шығар» деген әңгіме де айтылады. «Өлетін» мамандықтың иелері ретінде, бізге мұндайды есту өте ауыр, жанымызға батады. Ойланамын. Жарайды, жаңа технология келді, смартфон қолымызда тұр. Бірақ газеттің орны бөлек. Айтпақшы, қайсыңыз күнде таңертең газет оқисыздар? «Қазправданың» ұзақ жыл Бас редакторы болған Александр Тараков «Газетте бір иіс бар. Ондай иіс телевидениеде, радиода, интернетте де жоқ» дейді. Сол айтқандай, газеттің өзінің бір құдіреті бар еді. Газеттің адамзат баласындағы орны мен қазақ қоғамындағы өзіндік орны бар еді. Газет оқу мәдениеті қалыптасқан ел едік. Қазір теледидардың «жұлдыздары» көп. Олар қаншама хабар жүргізеді. Қаншама бағдарлама жасайды. Оны смартфон арқылы көресіздер, Инстаграм және Youtube, Фейсбук арқылы қарайсыздар. Бірақ газет оқымағандарыңыз біздің жанымызға батады. Газетті серік етпегендеріңіз біз сияқты алдыңғы буын аға журналистердің жүрегіне ауыр салмақ. Бәлкім, уақыт жетпейтін шығар. Бәлкім, газет-журнал ескіліктің ақпарат құралына айналған шығар. Солай ойлайын десең, технологиясы дамып кеткен Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Америка көз алдымызда тұр. Бәрі жаңа технологияны қолданады. Бірақ оларда газет шығып жатыр. Жапонияда таңертең, кешке екі рет шығатын газеттер бар. 90 мың тиражбен таралады. Солар газет оқып отыр. Сонда олар ескіліктің адамы ма? Ескілікте жүр дейін десең, олар газет оқиды. Жапондар ғана емес, корей мен орыстар да газет оқиды. Еуропалықтар да жаппай газет оқиды. Түркия да солай. Қазақстан ғана газет оқымайды. Сонда осы газеттің ешкімге керегі болмай қалғаны ма? Өлде, шынымен, өз тілімізді өлтіруге өзіміз жұмыс істеп жатырмыз ба? Әрине, бұлай жалғасып кете берсе, газет тығырыққа тіреліп, тұншығып қалатын кезге де келеді. «Жас Алаштың» редакторы болған кезімде, бір әкімге хат жазып, тиражға көмектес деп айтқан емеспін. 6 мың таралымды 87 мың тиражға жеткіздім. Жұрт оқиды. Қазір де «Жас Алашты» оқиды. «Жас Алашты» пандемия кезінде де, картоп, сәбіз қымбаттағанда да, оны оқитын оқырман сатып алып оқиды. «Жас Алаштың» өзінің оқитын категориясы бар. Тым болмағанда, 7 мың адам соңғы көйлегін, болмаса, шапанын сатса да, оқиды. Қалыптасқан дәстүрлі оқырманы бар. Олар өліп, олардың орнына баласы немесе немересі қалса да, газет оқиды. Өйткені олар атасының газет оқып отырғанын көрген, сондықтан газет оқитын шығар деп ойлаймын. Бәлкім, қателесуім де мүмкін. Алаш арыстары газет шығарды. Егер олар келте ойласа, газет шығармас еді. Бәлкім, ол заманда интернет болмағандықтан, газетке деген тәуелділік

болған шығар? Интернет дамып тұрған күннің өзінде озып кеткен мемлекеттер қағаз газет оқиды да, озған елдердің қатарына қосылайық деп талпынып отырған Қазақстан ғана газет оқымайды. Неге? Менде осындай сұрақтар бар. Мұның жауабын іздедім, бірақ таба алмадым. Әлемде ең соңғы газет қалғанша, қағаз газет шыға береді деп ойлаймын. Бір жаңалық оқыдым. Теледидарда жұлдыз болып жүргендер көп. Аттары дүрілдеп тұр. Бұдан кейін телеарнаға робот жүргізушілер келеді екен. Ал не істейсіңдер? Газет те қалады. Оны поштамен жеткізуі мүмкін. Болмаса, тойда ет орауға жарайтын шығар. Өйтеуір, бір кәдеге асады. Ең жедел хабар таратады деген радионың өзі арнайы сайт ашып жатыр. Мұның бәрі жаңа технологияның «жемісі». Бұрын бір үйде бір «домашний» телефон деген болатын. Қазір сіздерде бар ма? Сол телефонмен сөйлесесіздер ме? Талай үйлерде сол телефон өзімен-өзі тұр. Бәлкім, біреу телефон соғып қалатын шығар деген үмітпен ғана қозғамаймыз. Ол да ағымнан қалып барады. Теледидарды үйде емес, түзде жүріп көре беретін жағдайға келдік. Оған арнайы пакет сатып алып, жүйеге қосып, ақшасын төлемей-ақ, өзіңіздің телефонынан әлемнің барлық жаңалығын көретін жағдайға жеттік. Демек теледидардың да күні санаулы. Күндердің бір күні осылардың ортасынан басқа бір медиа пайда болады. Сол кезде бәріміз жұмыссыз қалатын шығармыз. Газеттің электронды нұсқасы – газет емес, ол – сайт. Газетті қолға алып, астын сызып, қиып алып, сақтап оқиды. Бұл – нағыз оқырманның ісі. Батыс Қазақстан облысында тұратын бір кісімен таныстым. Үйінде «Жас Алаштың» ғана емес, бүкіл қазақ газеттерінің тігіндісі бар екен. Ол кітапхана қызметкері емес, қарапайым оқырман. Бүкіл тарих сол жерде сақтаулы тұр. Кітапханаға барамын. Бұрынғы шыққан жақсы газеттерді оқиын десең, мақалаларды студенттер қиып алып кеткен. Кейде өзімнің мақалаларымды таппай қаламын. Өлгі Оралдағы кісінің үйінде Қазақстанда шығатын барлық басылым тұр. Мен соған риза болдым. Газет керек емес шығар деп ойласам, жақында Жамбыл облысы мен Түркістан облысында бірнеше аудандық газетті сатылымға шығарды. Оны кім сатып алады? Кімге керек «өлейін» деп жатқан басылым? Осыған ақша салатындар жынды ма деп ойладым. Сөйтсем, пышақ үстінде сатылып кетіпті.

Жеке меншіктің қолына өтті. Мен ойлаймын, ақшасы бар адамдар ақымақ емес. Пайдасы бар жерге ғана қаржы салады.



Әлеуметтік желінің желі кеулеп тұр қазір. Онда түрлі ақпарат беріледі. Тәуелсіздік алған жылдары елімізде небір порнографиялық кассета тарады ғой. Халық соны алатын. Барлығы көрді. Сөйтсек, ол да уақытша дүние екен. Қазір әлеуметтік желі де сол сияқты уақытша құбылыс. Онда тілдің тазалығы сақталмайды. Қалай болса солай қолданады. Бір жолы телефоныма «каксың?» деген хабарлама келді. Өлгінің не жазба екенін түсіне алмадым. Сөйтсем, «қалыңыз қалай?» дегенді білдіреді екен. Содан «Каксың?» дегенге «Такпын» деп жауап жазып жібердім. Біз бұдан да өтеміз. Мәдени деңгейге көтерілеміз. Өйткені біз – сауатты халықпыз. Дегенмен қазақтың тілін бұзу әлі талай жыл жалғасады. Өйткені газет оқымаған сайын, газеттің тілін бұзатындар көбейеді. Алдағы уақытта журналист мәртебесі туралы Парламентте мәселе көтеретін боламыз. Олардың әлеуметтік жағдайын, тұрғын үй мәселесін қозғаймыз. Заң жобасы тек депутаттардың жұмысы емес, журналистер де талқылап, өз ойларын ұсынуы керек. Қазір Сенатта да, Парламентте де бірнеше журналист бар, солармен ақылдасып, осы мәселені шешуді қарастырып жатырмыз. Жан-жақтан ұсынысты төпелеп тастасаңыздар, біз мұны халық шулап жатыр деп көтеріміз. Журналист деген қастерлі мамандықтың мәртебесін биіктетіп алуға барлығымыз бірге атсалысайық!

Нұртөре ЖҮСІП,
Сенат депутаты
jasqazaq.kz

ӨЗ ІСІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРІ

12 шілде - Бүкіләлемдік фотографтар күні. Бұл күннің тарихы француз суретшісі Луи Дагердің есімімен байланысты. Ол 1839 жылы Париждегі суретшілер академиясында суретке түсірудің жаңа әдісін көрсеткен болатын. Сондықтан осы күн фотографтардың төл мерекесі ретінде аталып жүр.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымына өте сыйлы, студенттердің сүйікті

2019 жылы оқу ордамызда Қазақстан фотоөнер бірлестігінің мүшесі Нахып Шеріұлының ұйымдастыруымен «Ұлы дала суреттері» атты фото көрмесі өтті. Көрмені аралап танысқан сол кездегі Өкілетті кеңес төрағасы Мұса Иылдыз бен Өкілетті кеңес мүшесі Мухитдин Шимшек мырзалар түсірілген фотолардан алған әсерімен бөлісіп еңбегін жоғары бағалады.

National Geographic Qazaqstan сайтының бас редакторы Дәурен Құдайберген, Қытай Халық Республикасы «Алтай» этно-фотография



ұстазы Нахып Шынтеміровті білмейтін жан жоқ. Қақ-соқпен жұмысы жоқ, біртоға өз кәсібін жанындай сүйетін Нахып ағаны студент кезден бастап танимын. Қазақстан журналистер одағының, Қазақстан фотоөнер бірлестігінің мүшесі. Журналистика кафедрасында 2007 жылдан бастап фотожурналистика, радиожурналистика, тележурналистика пәндерінен лабораториялық дәрістерді жүргізіп келеді. 30 жылдық тарихы бар университетте 15 жылға жуық еңбек өтілі бар ағаны бейне бір фото шежіре дерсің?! Фото архивіне зер салсаңыз, қаншама тарихи сәттер мен шежірелі даталардың куәгері боласыз. Қаншама зиялы қауым өкілдерінің, басшылардың уәкілетке сапарларын сәтті кадрға алып жүрген де осы Нахып. Сабақтан тыс уақытта бейне жазбаларды монтаждауды, камераны ұстаудан бастап пайдалануды, фотошоп, корел, индизайн бағдарламаларын меңгеруді үйреткен жан. Білімгерлер теория арқылы үйренген ілімдерін Нахып ағаның жөн сілтеуімен тәжірибе жүзінде қолданып келеді. Өз ісінің нағыз шебері. Мамандығын жанындай жақсы көретін жан.



Қазіргі таңда қаншама түлектер Республикалық, облыстық, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек атқарып жүр. Еліміздің түкпір-түкпірінде БАҚ саласында қызмет атқарып жүрген журналистика мамандығының бітіруші түлектері Нахып ағаны ерекше құрмет тұтады, сыйлайды. Ұстазға деген құрмет осы болса керек. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы. Нахып аға жұмыста абыройлы, сыйлы еңбеккер әріптес болса, отбасында аяулы жар, сүйікті еке. Өкениң жолын қуған ұлдары Мұхамедәлі «Түркістан» телеарнасында, Серікболсын «Тұран ТВ» арнасында оператор-монтажер қызметтерін атқарып жүр. «Әке көрген оқ жонар» деген осы болса керек-ті. Нахып аға кәсіби фотографтар мен әуесқойлар түрлі шеберлік сағаты мен ашық сабақтарға қатысып, тәжірибелерімен бөліседі, ақыл-кеңесін айтады. Бұдан бөлек, көрмелерге қатысып, фото-аппараттар мен жарық жабдықтарының жаңа үлгілерін сынап көреді. Фотоөнер бірлестігінің төрағасы Асылхан Абдрайым басшылық жасап отырған кәсіпқой фотографтармен семинар мен фотоэкспедицияға қатысып тәжірибе алмасып отырады.



қоғамының төрағасы Серік Мұқышұлы, Италияндық Антонио Палитано, Қытай Халық Республикасы «Алтай» этно-фотография қоғамының мүшесі Екпін Хасенжан сияқты бірқатар кәсіпқой фотографтармен университеттің журналистика мамандығының



студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Үйренуден үйренген дүниесін білімгерлерге үйретуден әсте жалыққан емес. 2017 жылы Қытай елінде «Алтай қазақ этнофотография» қоғамының конференциясына қатысып қайтты. «Ұлы даланың Түркістаны» атты республикалық фотоэкспедицияда Нахып ағайдың түсірген туындылары көрермендердің көңілінен шықты. Қала әкімі Р. Аюповтің алғыс хатымен марапатталды. Еңбегі ескеруге тұрарлық. Нахып ағаның қарапайымдығы сонша кейбір жұрттар сияқты кеуде керіп мақтанбайды. Үнсіз ғана жымы-ып, фотоаппаратын қолына алып жұмысына кірісіп кетеді. Көмек қолын создан әсте тартынбайды. Атаққа да құмар емес. «Мен үшін бір жапырақ қағаздан ұжымның алғысы мен шәкірттердің ықыласы бәрінен де биік» дейді Нахып. Студенттерді ынталандыру мақсатында өз қаражаты есебінен фотокөрме, ролик шоулар жиі ұйымдастырады. Міне бір әңгіме арқауына айналдырған кейіпкеріміз Нахып Шеріұлы осындай жан. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген осы да.

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА



ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

2009 жылы түркітілдес мемлекеттердің арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) құрылған болатын. Негізгі құрылтайшылары Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекеттері болып табылатын ұйымның негізгі мақсаты – тарихы мен тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті ортақ түркі елдерінің ғылымы мен білімін, туризмі мен экономикасын басты назарда ұстай отырып, елдер арасындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бүгінде аталған ұйым өзінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінің негізінде жан-жақты даму үстінде. Ата-бабамыздан қалған ұлы мұраны сақтап, әрі қарай дамыту жаңа буын жастардың қолында. Бір мақсат пен бір мүддені көздеген Түркі кеңесі бүгінде жаңа буын өкілдеріне қандай мүмкіндіктерді тарту етуде?!

Түркі кеңесі өз жұмысын бастамай тұрып, 1993 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен түркітілдес елдердің өзара мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайтуға және түркі мәдениетінің халықаралық деңгейде танылуына жұмыс жасайтын Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) құрылған болатын. Ұлт мәдениеті мен өнеріне елеулі еңбек сіңірген өнер майталмандарының басын біріктірген бұл ұйымның негізгі мақсаттарының бірі түбі бір түркі жастарының түркі мәдениетін бойына сіңіріп өсуіне ерекше ықпал жасау. Себебі, түркі халықтарының ұлттық коды және мәдениеті мен руханиятының өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу түркітілдес елдердің мәдениетінің өміршең болуына ықпал етеді. Түркі кеңесінің аясында Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымының жұмысы әрі қарай жандана түсті. Терең тарихтан жарқын болашаққа қадам басқан түркі жастарының басқосуларының бірі рухани астанамыз киелі Түркістанның төрінде бой көтерген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен болатын. Бұл жиын әр елден келген жастардың түркі мәдениетімен жақынырақ танысуына жол ашты.

Түркі кеңесінің VI саммитінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазіргі ақпарат пен қоғамның дамыған заманында салт-дәстүріміз мен мәдениетімізді жас ұрпаққа қалдырудың маңыздылығын айқындай отырып, түрлі ғылыми конференциялар мен жастар форумын өткізуді ұсынған болатын. Аталған шаралар жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Түркі жастарының алғашқы форумы Солтүстік Кипрдің Киририя қаласында өткізілген болса, 2019 жылы жас көшбасшылардың II форумы қазақ даласында ұйымдастырылды. Форумның негізгі мақсаты – жер шарының түкпір-түкпірінде өмір сүретін түркі жастарының басын біріктіріп, ортақ іске жұмылдыру. Кез келген мемлекеттің болашағы жастардың қолында екенін ескерсек, түркі елдерінің қалыптасу барысында жастардың елеулі пайдалану ең ұтымды шешімдердің бірі деп ойлаймын. Бүгінде түркі мемлекеттерінің дамуы үшін ғылыми зерттеулер мен стратегиялық ұсыныстар әзірлейтін Еуразия ғылыми-зерттеу институты жұмыс жасап жатыр. Ғылыми-зерттеу институты түркітілдес халықтардың тарихы мен философиясына, тілі мен дініне, өнері мен мәдениетіне, сонымен қатар саясаты мен экономикасына қатысты түрлі

ғылыми зерттеулерді жүзеге асырады. Сондай-ақ, институт магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмысына қолдау білдіреді. Ақпараттың цифрландырылған заманында түркі елінің әрі қарай дамуына ақпараттық технологияларды жетік меңгерген мамандар қажет. Осы ретте, түркі жастарының арасында цифрлық өнімді ұсынатын жастардың ортасын құрудың қажеттілігі туындауда. Қажеттіліктің орнын толтыру үшін Еуразия ғылыми-зерттеу институты IT-технолог мамандарды санының артуына ықпал жасайтын ауқымды жобаларды әзірлеуде.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі Түркология институты да ғылымның дамуына өзіндік үлесін қосып жатыр. Бұдан өзге аталған білім беру ұйымындағы медицина саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелі болуы түркі әлемінің ортақ жемісті еңбектерінің бірі деп айтуымызға болады. Ағымдағы жылдың 31 наурызында өткен Түркі кеңесінің бейресми саммитінде ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бауырлас елдердің жастары үшін «Ясауи стипендиясы» деп аталатын 50 грантты бөлуге дайын екенін жеткізді. Бұл бастама түркі жастарының бірге білім алып қана қоймай, бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, ТМЫК мемлекеттеріндегі халықтың орташа жасы 27-30 жасты құрайды. Аталған жас шығармашылық пен ғылымды қатар алып, жан-жақты зерттеулер мен түрлі бағыттағы тәжірибелер жасауға мүмкіндік сыйлайтынын ескерсек, түркі әлеміне ғылыми жаңалықтар мен тың бастамалардың тән екенін айтпаса да белгілі. Сол себепті, бүгінде Түркі кеңесінің басты назары түркі жастарында болып отыр. Бүгінде Түркі кеңесі аясында әр елдің университеттерінің ынтымақтастығы негізінде білім алушылардың түрлі тағылымдамалардан өтуге, академиялық ұтқырлық пен ғылыми жобаларды жүзеге асыру арқылы мәдени-ағарту кеңістігін құруға көңіл бөлуде.

Бастауын біздің заманымызға дейінгі уақыттан алған түркі елінің тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен дінін ұлт санасынан ұмытылмай, саяси-әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан жаңғырту бүгінгі жас ұрпаққа жүктелген үлкен жауапкершіліктердің бірі. Бой салыстыратын заманда емес, ой жарыстыратын заманда өмір сүріп жатқан түркі жастары өздеріне жүктелген міндеттің маңыздылығын түсіне отырып, түркітілдес мемлекеттердің асыл мұрасы мен рухани байлығын көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жетуіне жағдай жасайтынына сеніміміз мол.

Ал өз кезегінде талапкерлерді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне оқуға шақырамыз! Сіздер үшін жасалынған мүмкіндіктерден құр қалмаңыздар! Түркі жастары ретінде біріге білейік!

Аман БЕРКІНБАЙ,
5-курс студенті

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС – ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫНА ҮЛЕС!

Құрметті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы! Қадірменді шәкірт достар! COVID-19 пандемиясы жер жаһанды уысында ұстап отырғанына екі жылға таяды. Кесел құрығынан құтылу мүмкін болмай тұр. Жұқпалы індет ешкімді аяр емес. Жер бетін жайлаған қауіпті дерт миллиондаған адамды тұзағына түсіріп, арамыздан алып кетті. Ал Сіз өзіңізді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз?

Қазіргі таңда дүниежүзінде коронавируспен күрес – күн тәртібінде алғы шепте тұр. Ғалымдар мен білікті мамандардың сөзінше, аты жаман аурудан сақтанудың жалғыз жолы – вакцина салдыру! Екпе алу ғана бізді қалыпты өмірге қайтарады.

Сондықтан да, университет оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерін, студенттерді екпе салдыруға шақырамыз! Сіздердің денсаулықтарыңыз біз үшін маңызды! Аурудың алдын алып, өзіңізді қауіпсіз сезініңіз!

Екпені қайдан алуға болады?

Университеттің Клиника-диагностикалық орталығы, №234 бөлме.

Байланыс телефоны: 6-39-07

Жұмыс уақыты: 09:00-ден 18:00-ге дейін.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru